



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының  
білім беру бағдарламаларын  
мамандандырылған аккредиттеу

# СТАНДАРТТАРЫ

# АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

---



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру  
бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу

## СТАНДАРТТАРЫ

Астана 2018

**ӘОЖ 006**  
**КБЖ 30ц**  
**Б 77**

*Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі сараптамалық кеңесі ұсынған*

**Б 77 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттары: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттары/ Құрастырушы: Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, 2018. – 25 б.**

ISBN 978-601-7778-10-1

Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын олардың мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, мамандандырылған аккредиттеу рәсімін дайындауға және жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды.

**ӘОЖ 006**  
**КБЖ 30ц**

© Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

ISBN 978-601-7778-10-1

## Алғысөз

**1** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеме **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**

**2** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ директорының 2012 жылғы «26» наурыздағы № 07-од бұйрығымен (2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 82-18/1-ОД бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулармен енгізілген) **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

**3** Осы стандартта «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Қазақстан Республикасы Заңының нормалары іске асырылған.

**4 ТӨПНҰСҚА ҰСТАУШЫ** Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі: 010000, Астана қ., Б. Момышұлы к-сі, 2, ВП-4Г.

## **5 ҮШІНШІ БАСЫЛЫМ**

Осы стандартты «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

## Мазмұны

Қолданылу саласы .....	4
Нормативтік сілтемелер.....	4
Терминдер мен анықтамалар .....	5
Белгілер мен қысқартулар .....	7
Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу рәсімі .....	8
Кейінгі рәсімдер .....	11
«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты.....	12
«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты .....	14
«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты .....	16
«Білім алушылар» стандарты.....	17
«Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар» стандарты .....	18
Жекелеген мамандықтарға қатысты стандарттар .....	20
Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.....	23
Библиография .....	24

# **ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ**

## **Қолданылу саласы**

1.1 Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарының білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуді ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2 Осы стандарттар ТжКБ ұйымдарының мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өткізу кезінде қолданылады.

1.3 Осы стандарттарды ТжКБ ұйымы өз қызметін және іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі бағалау үшін, сондай-ақ тиісті ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеу кезінде де пайдалана алады.

## **Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартта мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

2 «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы.

3 «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

4 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы.

5 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысы.

6 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

7 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

8 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті

білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

9 «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

## **Терминдер мен анықтамалар**

Осы стандартта 2-тармақта көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Оларға қосымша осы стандарттарда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер пайдаланылады:

**3.1 Білім беру ұйымдарын аккредиттеу:** олардың сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің болуын растау мақсатында аккредиттеу органының білім беру қызметтерінің белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану рәсімі.

**3.2 Талдау:** бұл білім алушылардың оқу нәтижелері мен бағдарламаның білім беру мақсаттарының жетістіктерін бағалау үшін деректерді анықтау, жинау және дайындау процесі. Тиімді талдау тиісінше өлшенетін мақсаттарға немесе нәтижелерге сәйкес келетін тікелей, жанама, сандық және сапалық параметрлерді қолданады.

**3.3 Негізгі құзыреттілік:** өзін-өзі және өз қызметін басқару қабілеті, өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі ұйымдастыру бейімі.

**3.4 Қашықтықтан білім беру технологиялары:** білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту технологиялары.

**3.5 Білім:** жеке және кәсіби қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар.

**3.6 Институционалдық аккредиттеу:** мәлімделген мәртебеге сәйкес білім беру бағдарламаларын сапалы ұсыну бойынша білім беру ұйымының қызметін бағалау.

**3.7 Аккредиттеуге кандидат:** аккредиттеу органымен институционалдық аккредиттеуді өткізу туралы шарт жасасқан ТЖКБ ұйымы.

### **3.8 Біліктілік:**

**3.8.1 Біліктілік:** алған кәсібі, мамандығы бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға оқыған білімінің, дайындығының деңгейі.

**3.8.2 Біліктілік:** еңбек нарығы және еңбек жолын жүзеге асыруға құқық беретін одан әрі білім беру мен оқыту үшін игерілген құзыретінің құндылығын ресми тану.

**3.8.3 Біліктілік:** алған мамандығы бойынша белгілі бір қызмет түрін

құзыретті орындауға дайындық деңгейі.

### **3.9 Құзыреттілік:**

**3.9.1 Құзыреттілік:** оқыту процесінде алған білімнің, іскерліктің және дағдылардың динамикалық үйлесімі.

**3.9.2 Құзыреттілік:** қызметкердің кәсіби қызметте білімін, шеберлігін және дағдысын қолдану қабілеті.

**3.9.3 Құзыреттілік:** маманның білімін, іскерлігін, дағдысын, кәсіби тәжірибесін біріктіріп, белгілі бір кәсіби міндеттердің жиынтығын шешу және әрекет ету қабілеті.

**3.10 Бағалау критерийлері** - мұғалімдер мен білім алушыларға оқу мақсатына қол жеткізілгенін мақұлдауға мүмкіндік беретін және білім алушылардың жетістіктерін бағалау жөнінде шешім қабылдауға негіз болатын бекітпе.

**3.11 Дағдылар:** қызмет нормаларының талаптарына сәйкес келетін қызметкердің бақыланбайтын әрекеттері.

**3.12 Ұлттық біліктілік шеңбері:** еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы.

**3.13 Оқытудан күтілетін нәтижелер:** оқу процесі аяқталғаннан кейін білім алушының нені білетінін, түсінетінін, көрсететінін білдіретін құзыреттер жиынтығы.

### **3.14 Білім беру бағдарламасы:**

**3.14.1 Білім беру бағдарламасы:** тиісті біліктілігі бар мамандарды даярлаудың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған және түлектерді даярлау нәтижелеріне қойылатын талаптарды, оқу жоспарын, курстардың, пәндердің, оқу модульдерінің жұмыс (оқу) бағдарламаларын және басқа да материалдарды, сондай-ақ практика бағдарламаларын, күнтізбелік оқу кестесін және тиісті білім беру технологиясын іске асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарды қамтиды.

**3.14.2 Білім беру бағдарламасы:** оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, олардың іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

**3.15 Бағдарламаның білім беру мақсаттары:** техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлаудың осы бағыты, деңгейі мен бейіні бойынша білім беру бағдарламасын іске асырудың күтілетін нәтижелерінің жиынтығы.

**3.16 Бағалау:** бұл талдау барысында жиналған деректер мен дәлелдемелерді түсіндіру. Бағалау білім алушылардың бағдарламаның оқу нәтижелері мен білім беру мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындайды және бағдарламаны жетілдіруге қатысты шешімдер мен іс-әрекеттерге әкеледі.

**3.17 Сыртқы сараптау комиссиясының ТЖКБ ұйымына баруы** – бұл аккредиттеу процесінің жалпы қабылданған бөлігі болып табылатын сыртқы бағалау компоненті. Сыртқы сарапшы аудиторлар ТЖКБ ұйымының өзін-өзі



бағалау материалдарын тексеру, педагогикалық ұжыммен, білім алушылармен, қызметкерлермен әңгімелесу жүргізу және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тиімділігін бағалау, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар ұсыну үшін ТЖКБ ұйымына барады. Барудың нәтижесі ТЖКБ ұйымының аудиті бойынша есеп болып табылады.

**3.18 Өзін-өзі бағалау рәсімі:** институционалдық аккредиттеу стандарттары мен критерийлері негізінде білім беру ұйымы жүргізетін ішкі бағалау процесі, оның нәтижелері бойынша өзін-өзі бағалау туралы есеп жасалады.

**3.19 Кәсіби құзыреттілік:** маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білімі, іскерлігі және дағдысы, сондай-ақ жеке басының қасиеттері негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

**3.20 Кәсіптік білім:** біліктілік сипаттамалары мен талаптарына сәйкес кәсіби білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеруге бағытталған маман ретінде тұлғаны қалыптастырудың және дамытудың ұйымдастырылған процесі.

**3.21 Кәсіби стандарт:** кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейі мен құзыреттілігіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.

**3.22 Мамандандырылған аккредиттеу:** білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.

**3.23 Іскерлігі:** қызмет нормаларының талаптарына сәйкес келетін қызметкер бақылайтын әрекеттер.

**3.24 Біліктілік деңгейі:**

**3.24.1 Біліктілік деңгейі:** бұл техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламаларының бір сатысы шеңберіндегі кәсіби шеберлік, ол тарифтеу және аттестаттау жүйесінің тиісті құжаттарымен (тарифтік разряд, сынып, санат) реттеледі және орындалатын мақсаттар мен міндеттердің күрделілігі мен көлеміне сәйкес айқындалады.

**3.24.2 Біліктілік деңгейі:** күрделілік, стандартты емес еңбек әрекеттері, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкерлердің біліміне, іскерлігіне және кең құзыреттілігіне қойылатын жалпыланған талаптар.

#### **4. Белгілер мен қысқартулар**

Осы стандарттарда 2-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар пайдаланылады.

Бұдан басқа, осы стандарттарда мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылған:

**ҚР** – Қазақстан Республикасы;

**ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

**МЖМБС** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;

**БҰ** – білім беру ұйымы;

**ТжКБ** – техникалық және кәсіптік білім беру;

**АРТА** – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі;

**АК** – Аккредиттеу кеңесі;

**ББ** – білім беру бағдарламасы;

**АКТ** – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

**СМЖ** – сапа менеджменті жүйесі;

**ССК** – сыртқы сараптау комиссиясы.

## **5. Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу рәсімі**

5.1 БҰ-ға құқық белгілейтін және рұқсат беретін құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, мамандандырылған аккредиттеуді жүргізуге өтінім беру.

5.2 Білім беру ұйымының өтінімін АРТА-ның қарауы.

5.3 Мамандандырылған аккредиттеу рәсімін бастау туралы АРТА-ның шешім қабылдауы. Агенттік пен БҰ арасында мамандандырылған аккредиттеуді өткізу туралы шарт жасалуы.

5.4 Білім беру ұйымы мен АРТА басшылығы мамандандырылған аккредиттеуді өткізу теориясы, әдістемесі және технологиясы мәселелері бойынша арнайы семинарларда білім беру ұйымының ішкі сарапшыларына мамандандырылған аккредиттеу критерийлері мен рәсімдерін түсіндіру үшін оқу ұйымдастырады.

5.5 Білім беру ұйымының АРТА-да белгіленген талаптарға сәйкес өзін-өзі бағалауды жүргізуі және өзін-өзі бағалау туралы есепті (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) АРТА-ға электрондық нұсқада және қағаз тасығышта әр тілде 1 данадан жолдауы.

5.6 БҰ білім беру бағдарламалары бойынша есепті талдау негізінде АРТА мынадай:

- өзін-өзі бағалау материалдарын жетілдіру қажеттілігі туралы ұсыныстар әзірлеу;

- агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясының сыртқы сараптамалық бағалауын өткізу;

- өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің осы стандарттардың өлшемдеріне сәйкес келмеуіне байланысты мамандандырылған аккредиттеу рәсімін жүргізудің мүмкін болмауына байланысты аккредиттеу мерзімін ауыстыру шешімдерін қабылдауға құқылы.

5.7 АРТА аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, сыртқы сараптау комиссиясын құрады, оны БҰ-ға бағалау жүргізу үшін АРТА директоры бекітеді. Сарапшылардың саны тексеру көлеміне және білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларының санына байланысты айқындалады. Оның

құрамына жұмыс берушілерді, білім алушыларды қоса алғанда, академиялық қоғамдастықтың, Қазақстанның мүдделі тараптарының өкілдері және шетелдік сарапшы/сарапшылар кіреді.

5.8 Аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, АРТА білім беру ұйымымен мамандандырылған аккредиттеуді өткізу мерзімдері мен ССК сапарының бағдарламасын келіседі.

5.9 Комиссия сапарының ұзақтығы 3-5 күнді құрайды. Сапар барысында БҰ Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес ССК жұмыс істеуіне жағдай жасайды:

- комиссия мүшелерінің әрқайсысы үшін өзін-өзі бағалау туралы есептің электрондық және қағаз нұсқасын ұсынады;

- АРТА өкілімен келісім бойынша және ССК мүшелерінің санына қарай қажетті ұйымдастыру техникасын ұсынады;

- ССК сапарының бағдарламасына сәйкес ССК инфрақұрылымы мен ресурстарын тексеруді, кездесулерді, сауалнамаларды, сұхбаттарды және басқа да жұмыс түрлерін ұйымдастырады;

- сұратылған ақпаратты ұсынады;

- ССК жұмысының фото және бейнетүсірілімін ұйымдастырады;

- АРТА Аккредиттеу кеңесінің отырысына білім беру ұйымының қысқаша сипаттамасы және сыртқы сараптау комиссия сапарының барысы туралы ақпаратты қамтитын бейнеролик дайындайды.

5.10 Сапар аяқталғаннан кейін сыртқы сараптау комиссиясы білім беру бағдарламаларын бағалау жөнінде есеп және ССК сапарының барысы туралы таныстырылым дайындайды.

5.11. Есепте ССК сапарының сипаттамасы, АРТА стандарттарының критерийлеріне қатысты білім беру бағдарламаларының сәйкестігін қысқаша бағалау, қызметті жақсарту және сапаны қамтамасыз ету бойынша БҰ ұсынымдары, Аккредиттеу кеңесіне ұсынымдар қамтылған. Аккредиттеу кеңесінің ұсынымдарында білім беру бағдарламасының мәртебесі және аккредиттеудің ұсынылатын мерзімі туралы ақпарат болады.

5.12 Ұсынымдарды қоса алғанда, ССК есебін ССК мүшелері алқалы түрде әзірлейді.

5.13 Аккредиттеу кеңесінің мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдауы үшін сыртқы сараптау комиссиясының білім беру бағдарламаларын бағалау жөніндегі есебі және білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау туралы есебі негіз болады.

5.14 Сыртқы сараптау комиссиясының төрағасы сыртқы сараптау комиссиясы сапарының қорытындылары бойынша Аккредиттеу кеңесінің алдында сөз сөйлейді. Объективті себеп болған жағдайда, АРТА директоры Аккредиттеу кеңесінің отырысына баяндама жасап, қатысу үшін сыртқы сараптау комиссиясының мүшесін белгілейді. Сыртқы сараптау

комиссиясының төрағасын ауыстыру АРТА директорының бұйрығымен ресімделеді.

5.15 АРТА Аккредиттеу кеңесінің айрықша құзыретіне БҰ білім беру бағдарламасын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау жатады. Аккредиттеу кеңесінің құрамы оның қызметі туралы ережеге сәйкес айқындалады. Отырыс кворум болған жағдайда, өткізіледі. Аккредиттеу кеңесі сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес келмейтін, негізделген шешім қабылдауға құқылы.

Аккредиттеу кеңесі:

- аккредиттеу туралы:

- 1 жыл – жалпы критерийлер сақталған кезде, бірақ кейбір кемшіліктер мен жақсартуға мүмкіндіктері болған кезде;

- 3 жыл – тұтастай алғанда оң нәтижелермен, бірақ жекелеген кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;

- 5 жыл – жалпы оң нәтижелер болғанда;

- аккредитацияламау туралы шешім қабылдайды.

Білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі өткен соң **5 жыл** мерзімге және білім беру бағдарламасын аккредиттеуден кейінгі мониторингтен сәтті өткен жағдайда, білім беру ұйымы қайта аккредиттеуден (қайталама аккредиттеуден) өтуге өтінім беруге құқылы. Білім беру бағдарламасына қайта аккредиттеу жүргізілген жағдайда және оң нәтижелер болған кезде, білім беру ұйымының **7 жыл** мерзімге үміткер болуға құқығы бар.

5.16 АРТА Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған кезде, шешім нәтижелері жазылған ресми хат және білім беру ұйымына АРТА директоры қол қойған білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлік жібереді. Бұдан әрі БҰ аккредиттеу туралы шешім ҚР БҒМ-ге аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне (3-тізілім) енгізу үшін жолданады және АРТА веб-сайтына орналастырылады. Сондай-ақ веб-сайтта сыртқы сараптау комиссиясының есебі де орналастырылады.

Білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы куәлікті алғаннан кейін білім беру ұйымы өз сайтына өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті орналастырады.

5.17 Аккредиттеу кеңесі теріс шешім қабылдаған жағдайда, АРТА білім беру ұйымына шығарылған шешім салынған хатты жолдайды.

5.18 Білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы шартқа және Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен Аккредиттеу кеңесінің шешіміне апелляцияны АРТА-ға жолдай алады. Сыртқы сараптау комиссиясының және Агенттік өкілдерінің құзыреттілігіне күмәнданған немесе сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері өрескел бұзушылық жасаған жағдайда, білім беру ұйымы АРТА-ға шағым жасай алады.

## **6 Кейінгі рәсімдер**

6.1 АРТА Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда, білім беру ұйымы сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдары шеңберінде Сапаны жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) АРТА-ға ұсынады, оған бірінші басшы қол қояып, мөрмен расталады, сондай-ақ АРТА-мен Қызметтер көрсету туралы шарт жасасады. Шарт пен Жоспар аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

6.2 Білім беру ұйымдарын/білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары Жоспарға сәйкес аралық есептерді дайындауы тиіс. Аралық есептер аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізудің болжамды күніне дейін АРТА-ға жіберіледі.

6.3. БҰҰ ББ аккредиттеуден кейінгі мониторингі білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторингтеу рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес жүргізіледі.

6.4. БҰ-ға қатысты АРТА қоятын талаптар мен Жоспар орындалмаған жағдайда, сондай-ақ БҰ-да өткізілетін өзгерістер туралы ақпарат болмаған жағдайда, Аккредиттеу кеңесі мынадай шешімдер қабылдауға құқылы:

- білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеу мәртебесінің қолданылуын уақытша тоқтата тұру,

- білім беру ұйымының білім беру бағдарламасын аккредиттеуді 3-тізілім тізімінен алып тастау жолымен кері қайтарып алуға 3, бұл бұрын қол жеткізілген барлық аккредиттеу нәтижелерінің күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін.

6.5 Білім беру ұйымы АРТА-мен Қызметтер көрсету туралы шартқа қол қоймау арқылы аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізуден бас тартқан жағдайда, 6.4-тармаққа сәйкес АРТА Аккредиттеу кеңесі аккредиттеу мәртебесінің қолданылуын тоқтату және кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6 Аккредиттеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан және кері қайтарып алған жағдайда, білім беру ұйымының білім беру ұйымын аккредиттеуді кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап бір жыл ішінде АРТА-ға аккредиттеуге өтінім беруге құқығы жоқ.

## **7. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

### **7.1 Жалпы ережелер**

7.1.1 ББ іске асыру оның мақсаттарымен және даму жоспарымен айқындалады.

7.1.2 ББ іске асыру білім беру саласындағы ҚР заңнамасына, оның ішінде ҚР МЖМБС-ға толықтай сәйкес келуі тиіс.

7.1.3 Осы стандартты бағалау үшін:

7.1.3.1 ББ-ның қолданыстағы даму жоспарын, жоспарларын және оларды іске асыру мониторингі жүйесін талдау.

7.1.3.2 ББ дамыту жоспары туралы ақпаратты тарату процестері мен ақпараттық ресурстарды талдау.

7.1.3.3 алқалы басқару органдарының хаттамаларын, директордың бұйрықтарын, басқарушылық есептілікті талдау.

7.1.3.4 ТжКБ ұйымының жоғары басшылығының кәсіби біліктіліктерінің сәйкестігін талдау және лауазымдық міндеттерді бөлу.

7.1.3.5 білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымына, қызметкерлеріне, білім алушыларына, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тұлғаларға фокус-топтар, сұхбаттасу, бақылау, сауалнама жүргізеді.

### **7.2 Бағалау критерийлері**

7.2.1 ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірлеуді, оның мемлекеттің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттылығын көрсетеді.

7.2.2 ТжКБ ұйымы қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және Қазақстан Республикасының білім беру саясатына қатысты ББ дамыту жоспарының барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.3 ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартуы тиіс.

7.2.4 ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру процестерінің ашықтығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру процестері туралы мүдделі тұлғалардың хабардар болуын қамтамасыз етеді.

7.2.5 ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты түрде қайта қарау және оны іске асыру мониторингі тетіктерін айқындауы тиіс.

7.2.6 ТжКБ ұйымы ББ іске асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, жинақтап, талдайды және барлық бағыттар бойынша өзін-өзі тексеруді жүргізеді, ББ дамыту жоспарын әзірлейді және қайта қарайды.

7.2.7 ББ дамыту жоспары ТжКБ ұйымының уәкілетті алқалы органы жобаға өзгерістер енгізетін ұсыныстар мен түзетулер негізінде барлық мүдделі

тараптардың өкілдерімен жария талқылаудан өтеді.

7.2.8 ТжКБ ұйымы орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттіктерді табыстау, қаржыландыру жүйесінің аражігін ажырату және дербестік қағидаттарын іске асыру дәрежесін көрсетеді.

7.2.9 ББ басқару мыналарды:

7.2.9.1 процестер арқылы қызметті басқаруды;

7.2.9.2 жоспарлау, дамыту және тұрақты жақсарту тетіктерін;

7.2.9.3 қызметтегі және жоспарларды іске асырудағы серпінді айқындауға мүмкіндік беретін есептілік процестерін құруды қоса алғанда, мониторингті;

7.2.9.4 өзгерістердің тиімділігін талдауды;

7.2.9.5 бөлімшелер қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін және олардың өзара іс-қимылын бағалауды қамтуы тиіс.

7.2.10 ТжКБ ұйымдарында ББ іске асыруды реттейтін барлық негізгі бизнес-процестер құжатталуы тиіс.

7.2.11 ТжКБ ұйымы бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бір мәнді бөлуді, ББ іске асыруға қатысатын алқалы органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс.

7.2.12 ТжКБ ұйымы осы процесті реттейтін білім беру бағдарламалары мен құжаттарын бекіту, мерзімді рецензиялау (қайта қарау) және мониторингілеу тәртібін көрсетуі тиіс.

7.2.13 ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағдарланған ақпараттандыру және кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.14 ББ басшылығы ББ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты жұмыс істеуін көрсетуі тиіс, оған оны жобалау, басқару және мониторинг, оларды жақсарту, фактілер негізінде шешімдер қабылдау кіреді.

7.2.15 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығына дәлелдер ұсынуы тиіс.

7.2.16 ТжКБ ұйымы статистиканы жинау және талдау жүйесінің болуын және ББ басқару процесінде қарқынды пайдаланылатынына дәлелдерін көрсетуі тиіс.

7.2.17 ББ басшылығы педагогикалық ұжымның, персоналдың және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және өлшеу процесі шеңберінде табылған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс.

7.2.18 ББ басшылығы білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар үшін ББ ашықтығы мен қол жетімділігінің дәлелдерін көрсетуі тиіс.

## **8. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты**

### **8.1 Жалпы ережелер**

8.1.1 ББ іске асыру жұмыс берушілердің және кәсіби стандарттардың, Worldskills стандарттарының (сондай-ақ цифрлық дағдылар, көптілділік) талаптарына сәйкес келетін және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын болашақ мамандардың базалық және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

8.1.2 Білім беру бағдарламалары білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу мүмкіндігін көздейді.

8.1.3 Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау:

8.1.3.1 оқу жоспарларын (тақырыптық жоспарларды), бағдарламалардың мазмұнын, бағалау критерийлерін және күтілетін оқу нәтижелерін, кестелерді, ББ іске асыруды реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау;

8.1.3.2 оқыту тәсілдері мен әдістемелерін талдау;

8.1.3.3 білім алушылармен, педагогикалық ұжыммен және мүдделі тараптармен сұхбаттасу және сауалнама жүргізу;

8.1.3.4 ТжКБ ұйымдарында сабақтардың өткізілуін бақылау нәтижелері;

8.1.3.5. білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды талдау негізінде жүзеге асырылады.

### **8.2 Бағалау критерийлері: ББ мазмұны**

8.2.1 ТжКБ ұйымы базалық және кәсіби құзыреттерге, жеке қасиеттерге негізделген білім беру бағдарламасы түлегінің әзірленген модельдерінің болуын көрсетуі тиіс.

8.2.2 ТжКБ ұйымы педагогикалық ұжымның және жұмыс берушілердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

8.2.3 ТжКБ ұйымы оқу нәтижелеріне сәйкес түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқу пәндерін/модульдерінің мазмұнын, көлемін, өзара байланысу қисынын айқындауы тиіс.

8.2.4 ББ басшылығы оқу пәндерінің/модульдерінің мазмұнында кәсіби мәнмәтіннің болуын көрсетуі тиіс.

8.2.5 ББ басшылығы теориялық және өндірістік (практикалық) оқыту арасындағы тиімді теңгерімнің болуын көрсетуі тиіс.

8.2.6 Пәндер/модульдердің тізбесі мен мазмұны білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс. Пәндер/модульдер оқытылатын саладағы барлық өзекті мәселелерді, проблемаларды жан-жақты қамтуға тиіс.

8.2.7 Білім беру бағдарламасының құрылымында мазмұны білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, оның ішінде кәсіпкерлік бастамашылығы



мен дағдыларын ескере отырып, базалық және кәсіптік құзыреттерін дамытуға ықпал етуі тиіс түрлі қызмет түрлерін көздеу керек.

8.2.8 Жұмыс берушілердің мүдделерін және еңбек нарығының қазіргі заманғы жағдайларын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының жаңартылуы маңызды фактор болып табылады.

### **8.3 ББ дараландыру**

8.3.1 ББ басшылығы оқыту тіліне қарамастан, білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс.

8.3.2 ББ басшылығы білім беру процесі мәселелері бойынша білім алушыларға жеке көмек көрсету және кеңес беру жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

8.3.3 Басшылық ББ тиімді игеру үшін жағдай жасайды.

8.3.4 ББ басшылығы ББ іске асыру кезінде білім алушылардың артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мәдени тәжірибесін пайдалануын көрсетуі тиіс.

8.3.5 ББ басшылығы ББ іске асыру кезінде білім алушыларға жеке қолдау көрсетуі тиіс.

8.3.6 ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктерін бақылау жүйесінің бар екенін дәлелдеуі тиіс.

### **8.4 Білім алушылардың нәтижелерін бағалау**

8.4.1 ББ басшылығы білім алушылардың алған білімдерін, дағдылары мен қасиеттерін объективті, нақты және жан-жақты бағалау тетігінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

8.4.2 ББ басшылығы білім алушылардың білімін бағалаудың объективтілігін және базалық әрі кәсіби құзыреттерінің қалыптасу дәрежесін, оларды бағалау құралдары мен тетіктерінің ашықтығы мен барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс.

8.4.3 ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқыту нәтижелері мен бағдарлама мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

8.4.4 ББ басшылығы курс бойынша оқуды бастаған кезде және оқу пәндерін/модульдерін оқыған кезде білім алушылардың біліміне диагностика жүргізуі тиіс.

8.4.5 Құзыреттерді бағалау процестері мен критерийлері ашық болуға тиіс.

8.4.6 ББ басшылығы келесі білім беру деңгейлерінде оқуды жалғастыру үшін білім алушыларда дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

## **8.5 Оқыту әдістемесі**

8.5.1 ББ басшылығы оқытудың белсенді әдістері мен оқытудың инновациялық әдістерінің жүйелі дамуын, енгізілуін және тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

8.5.2 Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізілуі тиіс.

8.5.3 ББ басшылығы білім алушылардың мамандық бойынша практикадан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі және білім алушылардың, басшылардың, кәсіпорын – практика орындары мен жұмыс берушілердің қанағаттануына мониторинг жүргізуі тиіс.

8.5.4 ББ басшылығы педагогикалық қызметкерлердің практикалық жетістіктерінің нәтижелерін білім беру процесіне енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.

## **9 «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты**

### **9.1 Жалпы ережелер**

9.1.1 ББ педагогикалық ұжымын қалыптастыру және дамытудың кадрлық саясаты:

9.1.1.1 жауапкершілікті, лауазымдық міндеттерді және біліктілік талаптарын анықтайды;

9.1.1.2 ББ іске асыратын педагогикалық ұжымды, әкімшілік-басқару персоналын және қызметкерлерді дамытуға және біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды;

9.1.1.3 персоналды басқару құрылымын және оның дамуын, оның ішінде кадрларды іріктеу жүйесін реттейді;

9.1.1.4 қызметкерлерді ынталандыру, жаңа қызметкерлерді бейімдеу, аттестаттау және қызметкерлерге қатысты тәртіптік шараларды қолдану тетіктерінің жұмыс істеуін, оларды жұмыстан босату рәсімдерін қамтамасыз етеді;

9.1.1.5 персоналдың этикалық мінез-құлық қағидаттарын қамтиды.

9.1.2. Осы стандарттың критерийлеріне сәйкестікті бағалау:

9.1.2.1. лауазымдық міндеттерді, құқықтарды, жауапкершілікті, кәсіби даму мен біліктілікті арттыруды, ынталандыру, бейімдеу, жұмыстан босату жүйесін және басқа да кадр мәселелерін айқындайтын құжаттарды талдау;

9.1.2.2. педагогикалық ұжыммен, қызметкерлермен және басшылықпен сұхбаттасу және сауалнама жүргізу;

9.1.2.3. ТжКБ ұйымындағы этикалық мінез-құлық, корпоративтік мәдениет туралы деректер негізінде жүзеге асырылады.

## **9.2. Бағалау критерийлері**

9.2.1 Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ББ басшылығы практиктерді тартуы және олар оқитын пәндердің үлесін анықтауы тиіс.

9.2.2 ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім беру процесінде үнемі инновацияларды қолдануға ынталандыруы тиіс.

9.2.3 ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

9.2.4 ТЖКБ ұйымы жұртшылық үшін педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қолжетімділігін көрсетуі тиіс.

9.2.5 ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтердің құзыреттілігін жүйелі бағалауды, оқыту сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

9.2.6 Педагогтердің жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы педагогтердің жоспарланған жүктеменің барлық түрлерін орындауының дәлелдерін көрсетуі тиіс.

9.2.7 ББ басшылығы жас педагогтарды дамытуда мақсатты іс-қимылдарды қамтамасыз етуі тиіс.

9.2.8 ББ басшылығы педагогтер мен қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетіктерін көрсетуі тиіс.

9.2.9 ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қанағаттанушылық мониторингін қамтамасыз етуі тиіс.

9.2.10 ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ-құзыреттілігі мен цифрлық дағдыларын, оқытудың инновациялық интерактивті әдістері мен нысандарын қолдануды көрсетуі тиіс, сондай-ақ жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту маңызды фактор болып табылады.

9.2.11 Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

## **10 «Білім алушылар» стандарты**

### **10.1. Жалпы ережелер**

10.1.1 ББ басшылығы білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі тиіс.

10.1.2 Осы стандартты бағалау:

10.1.2.1 білім беру процесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау (өндірістік және теориялық сабақтардың ведомостары, журналдары және т. б.);

10.1.2.2 оқу үдерісін реттейтін жоспарларды, жеке істерді, бұйрықтарды талдау;

10.1.2.3 оқу процесін ақпараттық сүйемелдеуді қоса алғанда, оқыту саласын зерттеу;

10.1.2.4 білім алушыларға сауалнама жүргізу және сұхбаттасу;

10.1.2.5 ТЖКБ ұйымдарында сабақтардың өткізілуін бақылау нәтижелері және білім алушылардың қатысуы негізінде жүзеге асырылады.

## **10.2 Бағалау критерийлері**

10.2.1 ББ басшылығы ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің ашықтығын көрсетуі тиіс.

10.2.2 ББ басшылығы оқыту нәтижелеріне қарай білім алушылардың негізгі рөлдері (кәсіби, әлеуметтік) туралы түсініктерін көрсетуі тиіс.

10.2.3 Оқу процесінде мамандану саласында білім алушыларды кәсіби сертификаттау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.

10.2.4 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдаудың болуы маңызды фактор болып табылады.

10.2.5 ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға және түлектермен байланыс ұстауға барынша күш салуы тиіс.

10.2.6 Түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметінің мониторингі маңызды фактор болып табылады.

10.2.7 ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өздігінен білім алуға белсенді түрде ынталандыруы тиіс.

10.2.8 ББ басшылығы білім алушыларға пікір алмасу және пікір білдіру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

10.2.9 ББ басшылығы білім алушылардың ТЖКБ ұйымының жалпы қызметіне, атап айтқанда жекелеген қызметтерге қанағаттануын мониторингтеу тетігін құруы тиіс.

10.2.10 ББ басшылығы білім алушылардың білімін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты жедел ұсынуды қамтитын кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі тиіс.

10.2.11 Білім алушылардың тиісті құзыреттер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарына және/немесе Worldskills чемпионаттарына қатысуы маңызды фактор болып табылады.

## **11 «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар» стандарты**

### **11.1 Жалпы ережелер**

11.1.1 Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды үнемі жақсарту ББ білім беру сапасын қамтамасыз етудің факторы болып табылады.

11.1.2 Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, білім алушылардың оқу ортасы білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келуі тиіс.

11.1.3 ТЖКБ ұйымы оқыту және жұмыс істеу үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз етуі тиіс.

11.1.4 ББ іске асыру кезінде пайдаланылатын материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстардың сапасын бағалау:

11.1.4.1 кітапхана ресурстарының (кітап қорының) барабарлығына сәйкестігін, жоғары жылдамдықты байланыстың, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің, ақпараттандыру жүйесінің, зертханалық және оқу жабдықтарының, бағдарламалық құралдардың болуын талдау;

11.1.4.2 ТжКБ ұйымының материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарын зерттеу, білім алушылармен, педагогикалық ұжыммен және мүдделі тараптармен сұхбаттасу және сауалнама жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

## **11.2 Бағалау критерийлері**

11.2.1 ББ басшылығы білім алушылар үшін оқытылатын пәндер бойынша құрылымдалған, ұйымдастырылған ақпараттың барынша мүмкін болатын санының қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс: мысалы, таныстыру материалдары, дәрістер конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттер, практикалық тапсырмалар және т. б.

11.2.2 Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдар тиісті салаларда қолданылатындарға ұқсас болуы және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

11.2.3 ТжКБ ұйымы базалық және кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін және білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін оқыту ортасын құрады.

11.2.4 ТжКБ ұйымы білім алушыларды өндірістік қызметке тарта отырып; педагогикалық ұжым мен білім алушылардың конкурстарға қатысуын қамтамасыз ете отырып, шеберханаларды дамыту үшін жағдай жасауы тиіс.

11.2.5 ТжКБ ұйымы ББ материалдық-техникалық ресурстардың даму серпініне және ақпараттық қамтамасыз етуге бағалау жүргізуі тиіс.

11.2.6 ТжКБ ұйымында ББ оқыту тобы құрылуы тиіс, оған мыналар кіреді:

11.2.6.1 білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес білім алушылар мен педагогикалық ұжымды технологиялық жағынан қолдау;

11.2.6.2 академиялық қолжетімділік – білім алушылар дербестендірілген білім беру ресурстарына қол жеткізе алады;

11.2.6.3 академиялық консультациялар – білім алушыларға көмектесетін дербестендірілген білім беру ресурстары бар;

11.2.6.4 кәсіптік бағдарлау – білім алушылар мансаптық жолдарды таңдауда және қол жеткізуде көмек көрсететін дербестендірілген білім беру ресурстарына қол жеткізе алады;

11.2.6.5 санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін қазіргі заманғы техникалық оқу құралдарымен жабдықталған аудиториялардың жеткілікті саны;

11.2.6.6 компьютерлік сыныптардың, оқу залдарының, мультимедиялық және лингафондық кабинеттердің жеткілікті саны, олардағы орын саны;

11.2.6.7 оқыту тілдеріне қарай кітап қоры, оның ішінде қағаз және электрондық жеткізгіштердегі оқу және әдістемелік әдебиет, мерзімді басылымдар қоры;

11.2.6.8 цифрлық білім беру және интернет-ресурстарға еркін қол жеткізу.

11.2.7 ББ басшылығы ББ оқу процесіне цифрлық ресурстар мен ақпараттық технологияларды енгізу дәрежесін айқындауға, ББ инновациялық оқыту технологияларын, оның ішінде АКТ негізінде пайдалану және әзірлеу мониторингін жүргізуге тиіс;

11.2.8 ББ басшылығы ББ сипаттайтын ақпараттың веб-ресурста орналасуын көрсетуі тиіс.

## **12 Жекелеген мамандықтарға қатысты стандарттар**

### **12.1 Жалпы ережелер**

12.1.1 Мамандандырылған аккредиттеу стандарттары қандай мамандықтар аккредиттеуден өтетініне байланысты белгілі бір дәрежеде ерекшеленетін болады.

12.1.2 Мамандықтардың жекелеген топтарына арналған стандарттар бағдарламаларды ұйымдастырудың негізгі қағадаттарын білдіреді және бағдарлама шеңберінде теория мен практика арасында оқу жүктемесін барабар бөлудің маңыздылығын, әртүрлі практикалық тәжірибенің қажеттілігін атап көрсетеді.

12.1.3 Өзін-өзі бағалау процесі аккредиттелетін мамандықтардың ерекшеліктерінің әртүрлілігін, сонымен қатар түлектерге оларды бітіргеннен кейін берілетін біліктіліктерді ескеруі тиіс.

### **12.2 Бағалау критерийлері**

#### **12.2.1 Білім беру**

11.2.1.1 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлері бойынша)», «Бастауыш білім беру» және т.б. сияқты «Білім беру» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

11.2.1.1.1 ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің психология (педагогика) саласында практикаға бағдарланған білімі мен коммуникация, жеке тұлға мен мінез-құлықты талдау, жанжалдардың алдын алу және шешу әдістемелері, білім алушыларды ынталандыру саласындағы дағдыларын көрсетуі тиіс;

11.2.1.1.2 ББ басшылығы білім беру саласының талаптарына сәйкес келетін ақпараттық технологиялар саласындағы бағдарлама түлектерінің сауаттылығын, білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануды көрсетуі тиіс;

11.2.1.1.3 ББ басшылығы бағдарламада оқу процесін ұйымдастыруды оқытатын пәндердің/модульдердің, оқытудың инновациялық әдістемелерінің және оқытуды жоспарлаудың, оның ішінде оқытудың интерактивті әдістерінің болуын көрсетуі тиіс;

11.2.1.1.4 ББ басшылығы білім алушыларда өз бетінше оқу дағдыларын қалыптастыру іскерлігін көрсетуі тиіс.

11.2.1.1.5 ББ басшылығы жекелеген мамандықтар шеңберінде нарықта қандай мамандықтар (біліктіліктер) мен дағдылар сұранысқа ие екендігі, оқытылатын мамандық бойынша нарықта талап етілетін мамандардың шамамен алғандағы саны туралы нақты, талдаумен және фактілермен негізделген түсінікке ие екендігін көрсетуі және оқуды аяқтағаннан кейін алғашқы жарты жылда мамандығы (біліктілігі) бойынша түлектердің басым бөлігін табысты жұмысқа орналастыру мысалдарын келтіруі тиіс.

## **12.2.2 Әлеуметтік ғылымдар, қызметтер, экономика, бизнес және құқық**

12.2.2.1 «Құқық қорғау қызметі», «Патенттану», «Аударма ісі (түрлері бойынша)», «Туризм (салалары бойынша)», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Әлеуметтік жұмыс», «Маркетинг (салалары бойынша)», «Қаржы (салалары бойынша)» және т. б. сияқты «Сервис, экономика және басқару» және «Құқық» бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс: ББ басшылығы білім алушылардың мамандану саласындағы ең заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қағаз (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электрондық тасымалдағыштарға қол жеткізуіне кепілдік беруі тиіс.

12.2.2.2 «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» және «Құқық» бағыттары бойынша ББ да мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.2.2.1 ББ мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында талап етілетін нақты дағдыларды алуына бағытталуы тиіс;

12.2.2.2.2 ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің осы дағдыларға ие екендігін және бұл дағдылар нарықта шынымен де сұранысқа ие екендігін көрсетуі тиіс;

12.2.2.2.3 ББ білім алушылардың өндірістік практика сияқты теориялық білімді қолданудың практикалық тәжірибесін алуға, кәсіпорындарда оқудан өтуге, практик мамандардың дәрістері мен шеберлік кластарына қатысуға және т.б. бағытталған пәндер мен іс-шаралардың біршамасын қамтуы тиіс.

## **12.2.3 Жаратылыстану және техникалық ғылымдар**

12.2.3.1 «Металлургия және машина жасау», «Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар», «Өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)», «Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар» және т. б. сияқты техникалық бағыттар

бойынша білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.3.1.1 Білім алушыларды кәсіби ортамен және мамандану саласындағы өзекті мәселелермен таныстыру мақсатында, сондай-ақ теориялық даярлық негізінде дағдыларды игеру үшін білім беру бағдарламасы жалпы мамандық және атап айтқанда, бейіндік пәндер бойынша практикалық тәжірибе алып, дағдылануға бағытталған пәндер мен іс-шараларды, оның ішінде:

- мамандандыру саласындағы кәсіпорындарға (зауыттар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар және т.б.) экскурсияларды,

- мамандандыру кәсіпорнында жеке сабақтар немесе тұтас пәндер/модульдер өткізуді,

- практикалық сабақтарды өткізуді, мамандану саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті практикалық міндеттерді шешу үшін шеберханаларды пайдалануды және т. б. қамтуы тиіс.

12.2.3.1.2 ББ-ға тартылған педагогикалық ұжым ББ мамандандыру саласындағы кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар практиктерді қамтуға тиіс.

## **12.2.4 Өнер**

12.2.4.1 «Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (бейін бойынша)», «Аспапта орындаушылық және музыкалық эстрада өнері (түрлері бойынша)», «Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)», «Музыка теориясы» және т.б. сияқты «Өнер және мәдениет» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.4.1.1 ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің өнер саласында теориялық білімдері, мүсіндеу, сызу, ән айту және т.б. сияқты шығармашылық арқылы практикалық шеберліктері мен өзін-өзі көрсету дағдылары бар екенін көрсетуі тиіс.

12.2.4.1.2 ББ басшылығы білім алушыларда өзін-өзі оқыту және өзін-өзі дамыту дағдыларын, өнер саласындағы қызметке қабілеттілігін көрсетуі тиіс.

12.2.4.1.3 ББ білім алушыларға жеке немесе шағын топтарда дағдылар оқытылатын пәндер мен іс-шаралардың мүмкіндігінше көп болуы тиіс, мысалы, мамандану саласындағы еңбек сіңірген қайраткерлердің шеберлік сабақтарын өткізу;

12.2.4.1.4 ББ басшылығы білім алушыларға білім алушылардың алған шығармашылық дағдыларына көрсетуге ықпал ететін іс-шараларды, мысалы, концерттер мен көрмелерді барынша көп ұйымдастыруы тиіс;

12.2.4.1.5 ББ мамандыққа тән практикалық қызметтің әртүрлі түрлерінде шығармашылық тәжірибені байытуға ықпал етуі тиіс.

12.2.4.1.6 Білім алушыларды кәсіби ортамен және мамандану саласындағы өзекті мәселелермен таныстыру мақсатында, сондай-ақ теориялық даярлық негізінде дағдыларды игеру үшін ББ жалпы мамандық және атап айтқанда, бейіндік пәндер бойынша практикалық тәжірибе алып,



дағдылануға бағытталған пәндер мен іс-шараларды, оның ішінде:

- мамандандыру саласындағы кәсіпорындарға экскурсияларды (мұражайлар, театрлар, конструкторлық бюролар және т.б.),
- мамандандыру кәсіпорнында жеке сабақтар немесе тұтас пәндер/модульдер өткізуді,
- мамандандыру саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті практикалық міндеттерді шешу үшін семинарлар өткізуді және т.б. қамтуы тиіс.

12.2.4.1.7 Білім алушылардың шығармашылық емтихан жұмыстарын алқалық бағалау тетігінің болуы ББ шеңберіндегі маңызды фактор болып табылады.

### **13. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

13.1 Қолданыстағы аккредиттеу стандартына одан әрі жетілдіру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

13.2 АРТА стандартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады.

13.3 Білім беру ұйымдары және басқа да мүдделі органдар қолданыстағы стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасаған жағдайда, ұсыныстар мен ескертпелер АРТА-ға жолданады.

13.4 АРТА келіп түскен ұсыныстар мен ескертпелердің негізділігі мен мақсаттылығына белгіленген тәртіппен сараптама жүргізеді.

13.5 Қолданыстағы аккредиттеу стандартына өзгерістер мен толықтырулар мақұлданғаннан кейін АРТА директорының бұйрығымен қолданыстағы стандартқа өзгерістер енгізілген редакцияда немесе брошюра-қосымша бет түріндегі бекітіледі.

## Библиография

[1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Заңы.

[3] Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жүйелерінің стандарттары мен нұсқаулықтары. Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз етудің Еуропалық қауымдастығы. 2006, Астана, ҚР БҒМ ҰАО, 36 б.

[4] Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area, ENQA, 2009, Helsinki, 3<sup>rd</sup> edition.

[5] Quality Procedures in the European Higher Education Area and Beyond - Second ENQA Survey, ENQA, 2008, Helsinki.

[6] Инженерия, информатика, сәулет, жаратылыстану ғылымдары, математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің жалпы критерийлері салалар бойынша бөлек немесе әртүрлі мамандықтардың комбинациясында, Инженерия, информатика/компьютер ғылымдары, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі (ASIIN), Дюссельдорф (Германия), 2012 ж., 55 бет.

[7] Criteria for accrediting Engineering technology programs, ABET, 2012, Baltimore.

[8] Accrediting standards, ACEJMC, 2006.

[9] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі.

[10] «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы.

[11] «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысы.

[12] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

[13] «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

[14] «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

[15] «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.